



Құрметті студент!

2018 жылы «Білім - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B010400	«Бастапқы әскери дайындық»	1. Педагогика 2. Бастапқы әскери дайындықты оқыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Әскери патриоттық тәрбие негіздері

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Педагогика
2. Бастапқы әскери дайындықты оқыту әдістемесі
3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4. Әскери патриоттық тәрбие негіздері

2. Тестілеу уақыты - 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Педагогика

1. Білім мазмұнының формальды теориясын ұстанушылар:

- A) Песталоцци
- B) Платон
- C) Демокрит
- D) Цицерон
- E) Гераклит

2. Жеке тұлғаға бағытталған білім берудің ғылыми-теориялық негіздерін зерттеген ғалымдар:

- A) Ы. Алтынсарин
- B) И.С. Якиманская
- C) Е.В. Бондаревская
- D) И.Я. Лернер
- E) К. Роджерс
- F) В.В. Давыдов
- G) Л.В. Занков

3. Жас ерекшеліктер:

- A) Белгілі бір жас кезеңіне тән даралық ерекшеліктер
- B) Белгілі бір жас кезеңіне тән анатомиялық сапалар
- C) Әр балаға тән белгілі мінез-құлық
- D) Белгілі бір жас кезеңіне тән физиологиялық сапалар
- E) Белгілі бір жас кезеңіне тән психикалық сапалар

4. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері:

- A) Әлеуметтік, педагогикалық
- B) Педагогикалық сауалнама
- C) Психологиялық тест
- D) Педагогикалық эксперимент
- E) Социологиялық сауалнама

5. Эстетикалық тәрбие міндеттерінің бірі:

- A) мемлекетке деген құрмет сезімін қалыптастыру
- B) эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу
- C) еңбек қабілеттілігін арттыру
- D) эстетикалық талғамды және сезімді дамыту
- E) ғылыми дүниетаным қалыптастыру
- F) ой қабілеттерін дамыту
- G) ағзаны шынықтыру

6. Тәрбие:

- A) Оқу - тәрбие процесінің табысты болуын зерттейді
- B) Өзін-өзі тәрбиелеу туралы ғылым
- C) Жеке тұлғаның тәрбиелілігі нәтижесінің белгілі бір эталонының болуы
- D) Тұқымқуалаушылық бейімділік және микро-ортаның өзгерістерін жөнге келтіріледі
- E) Тәрбиеленушінің дүниетану көзқарасын қалыптастыру

7. Педагогика ғылымының салалары:

- A) Жалпы педагогика, жасөспірімдер педагогикасы, педагогика
- B) Мектеп педагогикасы, салыстырмалы педагогика, этнопедагогика
- C) Психологиялық педагогика, физиологиялық педагогика
- D) Түзету педагогикасы, ақпараттық педагогика
- E) Акмеология, білім беру педагогикасы

8. Тәрбие бағыттары:

- A) рухани-адамгершілік
- B) әділдік-сыпайылық, шыншылдық
- C) көпшілік-интернационалдық, азаматтық
- D) азаматтық-патриоттық, экономикалық
- E) әдеби-шығармашылық
- F) кәсіби-бағдарлық, экологиялық
- G) шыдамды-төзімділік, имандылық

9. Педагогикалық процесті зерттеген ғалым педагогтар:

- A) В.Г. Белинский
- B) Б.Т. Лихачев
- C) К.Д. Ушинский
- D) И.А. Иванов
- E) А.И. Герцен
- F) С.Т. Петров

10. Тәрбие әдістерін жіктеуде ұстанатын принциптер (қағидалар):

- A) Жеке тұлға іс-әрекет нәтижесінде дамып, қалыптасады
- B) Жеке адамның ойлау қабілеттері
- C) Тәрбиенің күрделілігі, қарапайымдылығы
- D) Жеке тұлғаның мотивтері, тілек-талаптары, ынтасы
- E) Жеке адамның қалыптасып келе жатқан қасиеттерінің күрделі болуы

11. Ұжымның өзіндік маңызды белгілері:

- A) Жалпы әлеуметтік мәнді мақсаттың болуы
- B) Өзіндік мәнді мақсат
- C) Жеке әлеуметтік мақсат
- D) Жеке таңдалған басқарушы орган
- E) Жеке әлеуметтік іс-әрекет
- F) Ұжымдық дәстүрдің болуы
- G) Бірлескен ортақ іс-әрекет болуы

12. Сынып жетекшісінің оқушыларды зерттеу әдістері:

- A) Индукция және дедукция
- B) Байқау
- C) Жұптық іс-әрекет
- D) Контент талдау
- E) Тәжірибені қарастыру
- F) Бақылау

13. Тәрбиеде ата-аналардың жіберетін негізгі қателіктері:

- A) Тәжірибесіздік
- B) Тәрбиелік іс-әрекеттің жүйесіздігі
- C) Жұмыс бастылық
- D) Педагогикалық сауатсыздық
- E) Мінез-құлық ерекшеліктері
- F) Насихат, жазғыру, ұрсу

14. Оқытудың жеке заңдылықтары:

- A) Болжамдылық
- B) Гуманитарлық
- C) Басқарушылық
- D) Ұйымдастырушылық
- E) Жобалаушылық
- F) Педагогикалық

15. Білім беру стандарты:

- A) Бағдарламалардың сапасын анықтайтын құжат
- B) Міндетті білім берудің негізгі құжаты
- C) Міндетті оқыту компоненттерін анықтайды
- D) Оқу жоспарларын қолданады
- E) Білім беру саласын қамтиды
- F) Білім беру нормаларын анықтайды
- G) Білім беру сапасын анықтайды
- H) Оқыту деңгейін айқындайды

16. Оқытуды ұйымдастыру формалары:

- A) Түсіндіру
- B) Жаттығу
- C) Қоғамдық жұмыс
- D) Семинар
- E) Сабак

17. Білім беру жүйесін стандарттау қажет:

- A) Нәтижелілік деңгейін арттыру үшін
- B) Жаңалықтар енгізу үшін
- C) Мектептегі оқу процесінің жаңа еркін ұйымдастыру формаларына өтуі үшін
- D) Баламалы оқулықтардың қосылуы үшін
- E) Тәжірибе меңгерудің ғылыми мінездемесі
- F) Білім сапасын арттыру үшін

18. Ұжымдық- танымдық іс-әрекеттің мынадай белгісі бар:

- A) Бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы
- B) Іс-әрекет барысында анықталған материалдар бойынша тұжырым жасау
- C) Ұжымдық іс-әрекет барысында, әрбір оқушы өзіндік білімін көрсете алуы
- D) Іс-әрекеттер барысында оқушыға жағдай жасау және оларды басқару
- E) Жалпы іс-әрекеттің жоспары болуы

19. Оқыту үдерісі:

- A) Оқушылардың дүниетанымын дамытатын іс-әрекет
- B) Тәрбиені меңгертеді
- C) Оқушылардың көзқарасын дамытатын іс-әрекет
- D) Төзімділіктерін дамытады
- E) Оқушылардың қабілеттерін дамытатын іс-әрекет
- F) Білімді, біліктілік пен дағдыны меңгертеді
- G) Отаншылдық қасиетін арттырады

20. Мектеп пен жоғары оқу орындарындағы баға қоюдың субъективті қателіктері:

- A) баланың тәртібіне қойылатын бағаны пән үлгеріміне ауыстыру
- B) орташа бағалау ұстанымында болмау
- C) орташа бағалау ұстанымында болу
- D) көңіл-күйге орай баға қоя салу
- E) өлшемге сай болу
- F) оқушының интеллектуалдық мүмкіншілігін ескеру

21. Ақпараттық технология:

- A) Нақты құралдарды, әдістер мен тәсілдерді пайдалану
- B) Адам іс-әрекетінің қажетті салаларының бірі
- C) Белгілі құралдар мен әдістер жиынтығы
- D) Ақпаратты өңдеумен байланысты үдерістер
- E) Ақпаратты өңдеу үдерісінде қолданылатын құралдар мен әдістер жиынтығы
- F) Нақты мағлұматтар жиынтығы

22. Оқу орындарының инновациялық талаптары:

- A) Оқу-тәрбие үдерісіне құралдар мен медиа жүйелерді енгізу
- B) Оқу-тәрбие үдерісінің нәтижелі болуы
- C) Жеке тұлғаның білімінің және дарындылығының дамуына жағдай жасалу
- D) Жеке тұлғаның тек дарынын дамыту
- E) ҚР азаматтарының білім алу құқығына толық ие болу
- F) Оқу-тәрбие үдерісінің табиғатқа сәйкестік принципіне сүйену

23. Мектеп жетекшілері білуге міндетті:

- A) Оқу жоспарының құрылымын
- B) Мектепте оқушылардың білімін бағалау формаларын
- C) Мектептің материалдық жағдайын
- D) Оқу-тәрбие үдерісін диагностикалауды
- E) Мектептің құжат санын
- F) Оқу жүйесінің мазмұнын
- G) Оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың мерзімдік тәртібін

24. Г.И. Щукина бойынша мектепшілік басқару бағыттары:

- A) басқарушылық
- B) дидактикалық
- C) жобалаушылық
- D) әдістемелік
- E) психологиялық
- F) ғылыми

25. Мектепте әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға әсер етеді:
- A) мұғалімдердің мәртебесін көтеру
 - B) білім саласындағы мемлекеттік саясат, заңдық актілер мен құжаттар
 - C) жергілікті әкімшілік талаптары
 - D) ұжымдағы моральдық-психологиялық жағдай
 - E) ата-аналардың сұрақтары
 - F) пәндік әдістемелік бірлестіктердің өзара бәсекелестігі
 - G) оқыту принциптері

Педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Бастапқы әскери дайындықты оқыту әдістемесі

1. БӘД сабағының кіріспе бөлімі:

- A) Үй тапсырмасы беру
- B) Сабаққа дайындалу туралы баяндама
- C) Оқу материалды бекіту
- D) Сәлемдесу
- E) Оқушылардың сыртқы пішінін тексеру

2. БӘД бойынша оқу үдерісінде пәнаралық байланыстар:

- A) ҚР ҚК жарғылары – Дене шынықтыру
- B) Саптық дайындық - Математика
- C) Саптық дайындық - Тарих
- D) Әскери топография - География
- E) Атыс дайындығы - Физика
- F) Тактикалық дайындық - Технология

3. АӘД пәні жүргізілетін ұйымдар:

- A) Колледж
- B) Институт
- C) Университет
- D) Орта білім беретін мектеп
- E) Әскери оқу орындары
- F) Кешкі мектеп

4. БӘД бойынша теориялық сабақтың қорытынды бөлімінде берілетін командалар:

- A) «Түзел»
- B) «Ұрысқа»
- C) «Взвод, тұр»
- D) «Тік тұр»
- E) «Еркін тұр»

5. БӘД сабағында ҚР Қарулы күштерінің түрлері оқытылады:

- A) Құрлық әскерлері
- B) Әуе қорғанысы күштері
- C) Әскери ғарыш күштері
- D) Мобильдік әскерлер
- E) Әскери-теңіз күштері

6. Тактикалық дайындық тарауында оқытылатын ұрыстың негізгі түрлері:
- A) Қорғаныс
 - B) Шегіну
 - C) Қамал
 - D) Торуыл
 - E) Қамту
7. Мотоатқыш бөлімшесінің құрамы:
- A) Сапер
 - B) Пулеметші
 - C) Санитар
 - D) Барлаушы
 - E) Сақшы
 - F) Байланысшы
8. БӘД бойынша сабақта оқушылар жатып ату үшін оқпананы жабдықтайды:
- A) Ені - 50 см
 - B) Ені – 80 см
 - C) Ұзындығы – 180 см
 - D) Тереңдігі – 50 см
 - E) Тереңдігі – 30 см
9. БӘД оқытушы оқушыларды атыс бағытына қарай ату түрлерімен таныстырады:
- A) Қапталдық
 - B) Жекелей
 - C) Маңдайшептік
 - D) Шоғырланған
 - E) Аралас
 - F) Айқастыра ату
10. Тактикалық дайындық бойынша сабақтарды өткізу үшін пайдаланылатын оқу орындары:
- A) Спорт алаңы
 - B) Кедергілер жолағы
 - C) Жауынгерлік данқ бұрышы
 - D) Әскери бөлім
 - E) БӘД кабинеті
 - F) Саптық алаң
 - G) Тактикалық алаң

11. Оқушылар сарбаздың "Шабуылға дайындал!" командасы бойынша іс-әрекеттерін пысықтайды:

- A) Шабуыл жоспарын жасайды
- B) Қарсыласқа атады
- C) Автоматты майлайды
- D) Автоматқа сүңгі-пышақты қосады
- E) Қаруды оқтайды
- F) Гранатаны дайындайды

12. БӘД оқытушысы оқушыларға қорғаныстың мақсатын түсіндіреді:

- A) Қарсыластың шабуылын тойтару
- B) Шегініске дайындалу
- C) Орналасқан ауданды ұстап тұру
- D) Жеке құрамның өмірін сақтау
- E) Оқ-дәрілерді үнемдеу

13. Взводтың барлау жүргізу тәсілдері:

- A) Тап беру
- B) Торуыл
- C) Қамау
- D) Орағыта өту
- E) Кенеттен шабуыл
- F) Қамту
- G) Шегіну

14. Тактикалық дайындық бойынша сабақта оқытушы оқушыларды ұрыста қозғалыс тәсілдеріне үйретеді:

- A) 20-40 адым жылдам жүгіру
- B) Саптық адымға
- C) Өрмелеуге
- D) Шабуға
- E) Жеделдетілген адымға (шапшаң адымға)
- F) Бүгіліп жүгіруге (жартылай еңкейіп жүгіруге)

15. БӘД бағдарламасы бойынша РГД-5 гранатасының ұрыстық қасиеттері оқытылады:

- A) Қиратқыш жарықшақтарының ұшу радиусы - 25 м-ге дейін
- B) Салмағы - 600 г
- C) Салмағы - 420 г
- D) Орташа лақтыру қашықтығы - 15-20 м
- E) Тұтандырғыш баяулатқышының жану уақыты - 4-5 сек
- F) Орташа лақтыру қашықтығы - 40-50 м
- G) Қиратқыш жарықшақтарының ұшу радиусы - 200 м-ге дейін

16. РПГ-7 гранататқыштың ұрыстық қасиеттері:

- A) Түзу ату қашықтығы - 500 м
- B) Салмағы – 9,5 кг
- C) Ұзындығы - 1020 мм
- D) Ұрыстық ату жылдамдығы - 4-6 мин/рет
- E) Калибрі - 73 мм
- F) Көздеу қашықтығы - 1000 м

17. Атуға арналған командада көрсетіледі:

- A) Ауа температурасы
- B) Жел бағыты
- C) Тегі
- D) Кімге ату керек екендігі
- E) Ату үшін жағдай
- F) Нысана

18. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының Ішкі қызмет жарғысы айқындайды:

- A) Командирлердің саптағы міндеттерін
- B) Әскери тәртіптің мәнін
- C) Гарнизондық іс-шаралар өткізу тәртібін
- D) Саптық байқау өткізу тәртібін
- E) Ішкі тәртіптің негізгі ережелерін
- F) Тәуліктік наряд адамдарының міндеттерін
- G) Әскери қызметшілердің жалпы міндеттерін

19. Мерзімді әскери қызметте әскери қызметшілерге қолданылатын көтермелеулер:

- A) Ақшалай сыйақы беру
- B) Атаулы қаруды беру
- C) Алғыс жариялау
- D) Мерзімінен бұрын армиядан босату
- E) Қысқа мерзімді демалыс беру

20. Әскери бөлім бойынша кезекші, қарауылды тексереді:

- A) Қарауылдағы ішкі тәртіпті
- B) Әскери билеттерінің бар болуын
- C) Қарудың бар болуын
- D) Жеке гигиена ережелерінің сақталуын
- E) Ату дәлдігін

21. Топографиялық карта бойынша қашықтықты өлшеу тәсілдері:

- A) Курвиметрмен
- B) Бусольмен
- C) Тахометрмен
- D) Транспортирмен
- E) Жұп адыммен
- F) Сызғышпен
- G) Мындық формула арқылы

22. Тактикалық дайындық тарауын оқу барысында қалыптасатын әскери жауынгерлік қасиеттер:

- A) Адамдар қауымдастығының әлеуметтік тарихи формалары
- B) Практикалық сабақтарды оқу-дала жиындары түрінде өткізу
- C) Ұрыс міндеттерін орындауға дайын болу
- D) Ұлттық сезімдерге санаға, ұлттық мақтаныш пен қадір-қасиетке
- E) Теориялық конференциялармен пікір талас өткізу
- F) Әр түрлі жағдайларда өздігінен шешім қабылдай білуіге
- G) Қазақстан қоғамында ұлттардың ұлыстардың болуымен айқындалады

23. Минажарылғыш бөгеттерде өтпелерді жасау тәсілдері:

- A) Саптық
- B) Жарылыс
- C) Апан қазу
- D) Ор қазу
- E) Автоматтандырылған
- F) Аралас

24. Атыс дайындығы қамтитын бөлімдерді:

- A) Газ поршені мен бекітпе жақтауы
- B) Атыстың тәсілдері мен ережелері
- C) Қарудың материалдық бөлігі
- D) Ұшу бұрышының жасалуы
- E) ҚРҚК жауынгерлік дәстүрлерін танып білу
- F) Ауаның қарсыласу күші
- G) Атыс негіздері

25. 5,45 Калашников автоматының ұрыстық қасиеті:

- A) Калибри 5,6 мм
- B) Оқтың бастапқы жылдамдығы 715 м\с
- C) Оқтың шекті ұшу алыстығы 3150 м
- D) Көздеу қашықтығы 1000 м
- E) Оқтың бастапқы жылдамдығы 310 м\с
- F) Оқтың бастапқы жылдамдығы 900 м\с
- G) Оқтың қиратқыш күші 800 м-ге дейін

**Бастапқы әскери дайындықты оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Тәрбие жұмысының нәтижелерін және тиімділігін диагностикалау түрлері:

- A) оқушыларға арналған тест тапсырмалары
- B) жеке тұлғаға бағытталған іс-әрекет
- C) педагогикалық кеңесте талқылау
- D) ата-анаға сауалнама
- E) оқушының тәрбиелік картасы
- F) баланың білім деңгейінің көрсеткіші
- G) мектепте іске асырылатын тәрбие міндеттері

2. Оқушылардың дүниетанымын қалыптастырады:

- A) ата-аналардың жиналыстарға қатысуы
- B) мектепте әрбір пәнді оқыту арқылы
- C) қоғамдық пәндер білімі
- D) сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмыстары
- E) оқушының алдына қойған мақсаты
- F) ата-анасының материалдық қамтамасыздығы
- G) сынып жетекшісінің балаларды өз мүддесіне бағындыра алуы

3. Педагогикалық қолдау көрсетудің мәні:

- A) Педагог пен ата-ананың арасында көмек көрсету
- B) Педагог өзінің кім екенін екенін ұмытпауы
- C) Дамуына кедергі келтіретін қиындық, жүк болып жүргендерінен арылуға жәрдемдесу
- D) Баланың бойында бар оң қасиеттерді бекіте түсу
- E) Баланың эмпатиялық түсінуі, жаны ашу, есіркеу, ниет білдіруі
- F) Тиімді педагогикалық қолдау көрсету мүмкін
- G) Баланың педагог конгруэнттігін қабылдауы мен эмпатиясын сезінуі

4. Ақыл-ой тәрбиесінің мазмұны бойынша қалыптасатын қасиеттер:

- A) Ақыл-ой деңгейін көтеру
- B) Елжандылық
- C) Кәсіби бағдар беру
- D) Әдептілік
- E) «Еңбек ету - менің ең бірінші қажеттілігім» деп сезінуге үйрету
- F) Салауатты өмір сүруге баулу

5. Тәрбие жоспарына қойылатын негізгі талаптар:

- A) Тәрбие жоспары ықшамды және көрсетілген шаралар орындалатын болсын
- B) Тәрбие жоспарының мақсаты, міндеттері айқын болсын
- C) Тәрбие жұмысының нәтижесін талдау
- D) Оқушылардың тәртібін реттеу
- E) Атқарылатын шаралар саны емес, сапасы жағынан анықталатын болсын

6. Оқушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) Әдіснамалық
- B) Топтық
- C) Ғылыми
- D) Студенттік
- E) Жеке
- F) Бастауыш

7. Жарыстың ықпалы:

- A) Көзделген нәтижеге жету мақсаты
- B) Дене және рухани күшке деген сенімді бекіту
- C) Басқару әдісі
- D) Бала мүмкіндігін ашу
- E) Іс-әрекетке ынталандыру әдісі
- F) Кез-келген жолмен бірінші болу
- G) Тәрбиешімен бірге кез келген тапсырманы орындау

8. Тәрбиесі қиын балалар:

- A) Сабақты жақсы қабылдайды
- B) Жалғыздық сезімін мүлде сезінбейді
- C) Физикалық жағынан толық дамымайды
- D) Тәрбиеге белсенді қарсылық көрсетеді
- E) Тұлғалық деформацияға жол бермейді
- F) Жаңа жағдайға бейімделу жоғары болады

9. Тәрбиелеу және оқыту үдерістерінің ұқсастығы:

- A) Өзін-өзі қайта тәрбиелейді
- B) Әрекет үдерісінде тұлға дамуына әдістеме ұсыну
- C) Бақылау және түсіндіру әдісін қолданады
- D) Өзін-өзі тәрбиелейді
- E) Тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара әрекеті
- F) Тұлғаның дамуы мен әлеуметтенуі

10. Авторитарлық тәрбие:

- A) Тұлғаның дамуын тежеу
- B) Оқушылардың оқуға, үйдегі және қоғамдық орындардағы тәртіпке еркін қарауы
- C) Өзінің адамгершілігін сезіндіру
- D) Тұлғаны басу
- E) Белсенділігін басып тастау

11. Тәрбиенің қоғамдағы жалпы қызметі:

- A) Қоршаған ортасын танып-білу
- B) Қызығушылығын ояту
- C) Мұғалімдер ұжымның өзара педагогикалық әрекетін қолдау
- D) Баланы әртүрлі әлеуметтік қатынастарға қатыстыру
- E) Мектептен тыс тәрбие мекемелерімен өзара бірлескен іс-қимыл жасау

12. Тәрбиенің қоғамдық мәні:

- A) Халықтар бойына білімге негізделген этникалық ізгіліктер мен өнерлерді дамыту
- B) Басшылыққа алынатын мәселе
- C) Біз кімдерді тәрбиелейміз, солардың жүрегіне ықпал етеміз
- D) Кең мағынада алғанда қандай да болса, бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз
- E) Ережелер жүйесі

13. Педагогикадағы тәрбие принциптері:

- A) Тәрбие ережелерінің жиынтығы
- B) Әрекетті жан-жақты ойластыру
- C) Тәрбие барысында шешілуге қажетті міндеттер
- D) Тәрбие процесін ұйымдастырудағы талаптар жүйесі
- E) Тәрбие ықпалдарының тізбектестігі, жүйелілігі, беріктілігі және үздіксіздігі
- F) Ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу

14. Салауатты өмір салтын құруға қатысты дәрігерлердің берген кеңесі:

- A) Ішкі жан дүниеге үңілмеу
- B) Басты тік ұстау
- C) Сабақта ойын элементтерін пайдалану
- D) Таза суды пайдалану
- E) Таза ауамен демалу
- F) Күн сәулесін пайдалану

15. Жалпы білім беретін мектепте ұйымдастырылатын кәсіптік бағдар және мамандық таңдау жұмысының кезеңдері:

- A) Сегізінші кезең - сыныптарда жүргізілетін кәсіптік бағдар
- B) Екінші кезең – V-VII сыныптарда
- C) Төртінші кезең – III сыныптарда
- D) Үшінші кезең – VIII, X-XI сыныптарда
- E) Бесінші кезең – XII сыныптарда
- F) Жетінші кезең – I -XI сыныптарда
- G) Алтыншы кезең – I-IX сыныптарда

16. Отбасындағы тәрбиенің міндеттері:

- A) Баланың психикалық үдерістерін ескеру
- B) Еңбексүйгіштікке, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына үйрету
- C) Баланың жеке бас ерекшелігін ескеру
- D) Отбасында баланың өсіп-жетілуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, нығайту, бекіту
- E) Жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу
- F) Табиғи ортаны сақтау
- G) Жас ұрпақтың бойындағы азаматтық белсенділігін арттыру

17. Оқушылардың сабақтан тыс әрекеттерін ұйымдастыру формасының жинақтамасы (картотекасы):

- A) Көңіл көтеру әрекеті
- B) Жолдастық-ынтымақтастық жағдай орнату
- C) Таным әрекетін ұйымдастыру
- D) Құндылық - бағдарлық әрекет
- E) Жағымды эмоция тудыру
- F) Оқу дағдысын жетілдіру

18. Социометрия әдісі:

- A) Сыныптағы шағын топтардың барын анықтайды
- B) Үлгерімнің деңгейін анықтау
- C) Оқушының темпераментін анықтау
- D) Оқушылардың оқу үлгерімін зерттейді
- E) Оқушылардың жалпыға танымал немесе танымал еместігін зерттейді
- F) Өзара қарым-қатынасты зерттейді

19. Құндылық-бағдарлы іс-әрекетті ұйымдастыру формасы:

- A) Мінез-құлық мәдениеті туралы сабақтар
- B) КТК
- C) Спорттық секциялар
- D) Ғылыми-танымдық мақалаларға шолу
- E) Көркемөнерпаздар концерті

20. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері:

- A) пікірталас
- B) мектептегі әдістемелік кеңес
- C) педагогикалық талап
- D) тәрбиелік жағдаяттар
- E) әңгіме

21. Тәрбиенің тиімділігі тәуелді:

- A) оқушының еңбекқорлығына
- B) мектеп Жарғысының мазмұнына
- C) тұқымқуалаушылыққа
- D) оқыту мерзіміне
- E) педагогтің шеберлігіне

22. Тәрбие, адамды сүюге бағыттау біртұтастығына байланысты ұстанымдар:

- A) баланың еңбегі мен ісін бағалауына
- B) жаңа қоғамдық рөлді меңгеруіне
- C) үдерістің аса қарқындылығына
- D) ерік-жігердің бірлігіне
- E) балаға тұрақты дұрыс қатынасына
- F) ғылымилық және жүйелі жұмыс жүргізілуіне
- G) баланы жеке тұлға ретінде сыйлауына

23. Топтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) кештер
- B) балалар лагері
- C) әңгімелер
- D) тәрбие тұжырымдамасын жасау
- E) ұсынылған кітаптарды оқып талдау
- F) үйірмелер
- G) клубтар

24. Мінез-құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) этикалық әңгіме талдату
- B) марапаттау
- C) мадақтау
- D) жарыстар өткізу
- E) мектептегі әдістемелік кеңеске қатысу
- F) өзін-өзі басқару ұйымына мүше сайлау

25. В.П. Тугаринов бойынша жеке адамның сапалық көрсеткіштері:
- A) Тәрбие іс-әрекетіне араласуы
 - B) Еркіндік, жеке басының қадірі
 - C) Даралық, қоғамдық белсенділік пен саяси-идеялық бағыт
 - D) Тәрбие гуманизациясы
 - E) Саналылық, жауапкершілік

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Әскери патриоттық тәрбие негіздері

1. АӘД сабақтарында оқып-үйрету, дамыту керек:

- A) Әскер салалары мен түрлеріндегі қызмет атқару ерекшелігін
- B) Салықтарды уақытылы төлеуді
- C) Маңызды мемлекеттік функцияларды
- D) Қоғам мен табиғаттың қарсы тұруы
- E) Жекелеген тұлғаға мән беру
- F) Қуатты әрі күшті серіктес табуды

2. Мектепте әскери-патриоттық жұмыс жүргізу барысында ескерілу тиіс:

- A) Есепке тұру куәлігін алған оқушылар саны
- B) Білім мекемелеріндегі лауазымды тұлғалардың әскери істі білу деңгейі
- C) Әлемдік тәжірибе
- D) Шынайы қоғамдық өмір
- E) Алғашқы әскери дайындық және денешынықтыру бойынша сабақ кестесі
- F) Ата-аналар комитетінің пікірі
- G) Озық ғылыми жұмыстар

3. Әскери-патриоттық тәрбиенің мақсаты:

- A) Жастардың бойында маңызды рухани-адамгершілік және әлеуметтік құндылықтардың бірі ретінде азаматтылықты, патриотизмді дамыту
- B) Жастардың бойында ерлікті дамыту
- C) Отанын қорғайтын тәрбиелі азаматтар тәрбиелеу
- D) Мәдени шараларға қатынасу
- E) Отанға деген сүйспеншілігін арттыру
- F) Жастарды физикалық шынықтыруды дамыту
- G) Жастардың бойында адамгершілік сезімін дамыту

4. Әскери патриоттық тәрбие негіздері пәні:

- A) Сауықтыру кештеріне қатысу
- B) Оқытушы-ұйымдастырушының әдістемелік білімдерін жетілдіру
- C) Теориялық конференциялармен пікір талас өткізу
- D) Әскери қызметшілердің талаптары
- E) Семинар сабақтар
- F) Іс жүзіндегі сабақтар

5. Қазақстан Республикасының Әскери доктринасының қабылданған уақыты:

- A) 16 маусым 1998 жылы
- B) 10 ақпан 2000 жылы
- C) 18 тамыз 1999 жылы
- D) 21 наурыз 2007 жылы
- E) 17 мамыр 2000 жылы
- F) 12 қаңтар 1996 жылы
- G) 11 қазан 2011 жылы

6. Қазақстан Республикасының тіл саясаты бірінші кезекте бағытталған:

- A) Қазақстан халықтарының тілін дамыту
- B) Қазақ тілінің кириллицадан латынға ауысуы
- C) Ағылшын тілін дамыту
- D) Оралмандар өмірі үшін жайлы тіл жағдайын жасау
- E) Орыс тілінің жалпы мәдениет функциясын сақтауға
- F) Іс қағаздарын үш тілге (қазақ, орыс, ағылшын) кезеңмен ауысуды жүзеге асыру
- G) Ағылшын тіліне ресми статус беру

7. ҚР-ның мемлекеттік қызметкерлерінің бизнеспен шұғылдануға құқығы:

- A) Көпшіліктің сұрауы бойынша
- B) Ия, бар
- C) Құқығы жоқ
- D) Заң бойынша тыйым салынған
- E) Талапқа сәйкес
- F) Қажет болғанда
- G) Доктринаға сәйкес

8. Мектептегі мұражай бөлмесінің көлемі және оның сипаты байланысты:

- A) Аудандағы соғыс және еңбек ардагерлерінің санына
- B) Мектеп директорының ұйымдастырылуымен және оның тарихына байланысты
- C) Материалдық қамтамасыз етілуіне
- D) Мектептегі сыныптар санына
- E) Мектеп директорының қаржылық мүмкіндіктеріне

9. Әскери-патриоттық тәрбие барысында бастауыш сынып оқушыларына жақсы мысалдар келтіру қажет:

- A) Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлік туралы
- B) Табиғат пен жануарларға сүйіспеншілік туралы
- C) Ғылыми жаңалықтар туралы
- D) Бизнесті жемісті жүргізу туралы
- E) Суға кеткендерді құтқару барысындағы азаматтар ерлігі туралы

10. Жауынгерлік және ерлік дәстүрлі:

- A) Өз халқының пайдасы үшін экономикалық дамуы
- B) Тәрбиенің негізгі бағыттарының бірі-ерлікті қамту
- C) Қазіргі заманғы ұрыстың жалпы сипаттамасы
- D) Ұлттық ерлік дәстүрінің негізгі элементтері
- E) Кепілді қамтамасыз ету және төтенше жағдайлар
- F) Саяси және өзге де мақсаттарға қол жеткізу

11. Бастауыш сынып оқушылары қызығушылық танытады:

- A) Бұқаралық зақымдау қаруларына
- B) Әскери техникаға
- C) Әскери арнайы әдебиетке
- D) Сап дайындығына
- E) Әртүрлі гранаталар мен оқ-дәрілердің құрылымы мен мәніне
- F) Әртүрлі атыс қаруларына

12. Интернационалистік тәрбие беру:

- A) Теориялық конференциялармен пікір білдіру
- B) Ерлік пен жанқиярлықтың мәнін түсіндіру
- C) Ұлттық сезімдерге санаға, ұлттық мақтаныш пен қадір-қасиетке демократиялық мазмұн беруге тиіс
- D) Мәдени шаралар өткізу орталығы
- E) Әр азаматтың міндеті
- F) Практикалық сабақтарды оқу-дала жиындары түрінде өткізу

13. Ішкі сезімнің дискомфорт жағдайы ширыға түседі:

- A) Ішімдікті көп ішкенде
- B) Әлсіздік жағдайында
- C) Шұғыл қаза болғанда
- D) Рухани дағдарыс жағдайында
- E) Жақсылық пен жамандықтың алып күресі
- F) Бағаның өсуі, өмір сүру деңгейінің төмендеуі, шешілмеген көптеген әлеуметтік проблемалар кезіндегі экономикалық дағдарыс жағдайында

14. Құрметтеуді дамытудың қажетті шарты:

- A) Оқу-дала жиындарында белсенеді болу
- B) Әр азаматтың міндетін түсіну
- C) Ерлік пен жанқиярлықтың мәнін түсіндіру шаралары
- D) Азаматтардың ұлттық қадір-қасиеттерін құрметтеу
- E) Шынайы туысқандық қатынастарды орнықтыру
- F) Мәдени шаралар өткізу орталығын қалыптастыру
- G) Теориялық конференциялардың реттілігі

15. Б.Момышұлының анықтамасы бойынша ұлттық патриотизм:

- A) Шыққан тегін сезіну, тұрып жатқан өлкесі, ана тілі, тұрмыс тіршілігі, мінез құлқы
- B) Өз халқына сүйіспеншілік, өз халқымен қан жағынан байланысын сезіну
- C) Жастардың бойындағы сезімді, игілікті құлшыныстарды жандандыру
- D) Адам бойында - парыз сезімін ұштап тәрбиелеу
- E) Адамның ар-ожданына, абыройына, ерік-жігеріне парасатына ықпал ету
- F) Әскери ұжым психологиясын меңгеру
- G) Адамның өзіне-өзі есеп беруі

16. Әскери-патриоттық тәрбие беру мақсатында алғашқы әскери дайындық пәндерінде оқушылар білім алады:

- A) Әскери құрылыс теориясы бойынша
- B) ҚР ҚК құрылымы, мақсаты мен міндеттері туралы
- C) Әскери экономика бойынша
- D) Мемлекеттің экономикалық байланыстарын және оның қорғаныс қабілеттілігін нығайтуға әсері туралы
- E) Әскери қызметкерлердің денешынықтыру дайындығының ерекшеліктері туралы

17. ҚРҚК әскери заңдылықтардың рөлі:

- A) Халықтың әл-әуқатын жақсарту
- B) Әскери тәртіпті қолдау
- C) Әскери қызметшілердің жауынгерлік тапсырмаларды орындау
- D) Жауынгерлік-кезекшілікті орындау
- E) Жауынгерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту

18. Әскери қызметшілердің қызметтік кәртiшкілерiне жазылады:

- A) Көтермелеулер және жазалар
- B) Әскери қызметшілердің құжаттары
- C) Әскери қызметшілердің өмірбаяны
- D) Әскери қызметшілердің еңбек өтілі
- E) Жазалар жазылады
- F) Көтермелеулер жазылады
- G) Бұйрықтар жазылады

19. Оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие берудің әскери қызмет талаптарымен сәйкес келуі:

- A) БӘД оқытушысының қарауына берілген
- B) Қорғаныс министрлігінің талабы
- C) Әлемдегі қазіргі қалыптасқан жағдайдың талабы
- D) Отансүйгіштік рухта тәрбиелеу
- E) Отан мүдделерін қорғаудағы азаматтық борышы
- F) ӘПТ қағидасы

20. Командирлер және бағыныстылардың ұйымдасқан, бағытталған оқу-тәрбиелік іс-әрекеттері:

- A) Бұйрық және ұйым
- B) Әскери педагогикалық-психологиялық үдеріс
- C) Әскери доктрина
- D) Әскери-патриоттық жұмыс
- E) Жарғы
- F) Әскери-педагогикалық үдеріс

21. ҚР қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың жастардың бойында жоғары патриоттық сана-сезімді жан-жақты жоспарлы, жүйелі мақсатта және үйлестірілген қызметі:

- A) Әскери-патриоттық тәрбие
- B) Әскери патриоттық клубы
- C) Әскери борыш
- D) Барлық әкімдіктердің міндеті
- E) Мәдени шаралар өткізу орталығы
- F) Әр азаматтың міндеті

22. Әскери ұжымды және азаматарды жауынгер етіп қалыптастыру, сапасын оқыту:

- A) Жеке жұмыстар
- B) Әскери-патриоттық тәрбие
- C) Денешынықтыру жұмыстары
- D) Патриоттық тәрбие
- E) Өзіндік дайындық

23. Мектепте АӘД сабағында қалыптасады:

- A) Әскери-патриоттық тәрбие
- B) Рухани тәрбие
- C) Мектеп оқушыларының сана-сезімін дамыту
- D) Қазақстанның патриоттық-рухын дамыту
- E) Қолыңа қару алып, отанды қорғауға тәрбиелеу

24. Ұйымдасқан қызмет, жауынгерлік әзірлік және жауынгерлік іс-әрекетінің тиімділігін арттыру үшін қажет:

- A) Патриотизм
- B) Әскери жарғы
- C) Бұйрықты бұлжытпай орындау
- D) Әскери тәртіп
- E) Жауынгерлік шеберлігін шыңдау қажет

25. Бөлімнің тәуліктік наряд түрлері:

- A) Әскери-оқу жаттығулар
- B) Бөлім бойынша тәуліктік кезекші
- C) Әскери антты қабылдау
- D) Қарауылдық қызмет
- E) Ішкі тәуліктік наряд

**Әскери патриоттық тәрбие негіздері
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**